



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 107-0 22.04.2021

Орал қаласының жалпы орта
білім беретін мектептерінің 1-4 сынып
оқушылары мен аз қамтылған
отбасынан шыққан оқушылары үшін
ыстық тамақ ақысын арттыру туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңын және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңын басшылыққа алып, 2020 жылғы 29 маусымдағы «Орал қаласында орналасқан орта білім беретін мектептердің асханаларын сенімгерлік басқару, құрал жабдықтарын ауыстыру және ағымдағы жөндеу жұмыстарынан өткізу» жобасы бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің келісім-шартына (лоттары №1,2,3,4,5,6) сәйкес, 2021 жылғы 14 сәуірдегі Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлер палатасының хаттамасын назарға ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2021 жылға 1-4 сынып оқушылары үшін ыстық тамақтың құны бір оқушыға 162,24 теңге мөлшерінде және аз қамтылған отбасы оқушылары үшін ыстық тамақтың құны бір оқушыға 216,32 теңге мөлшерінде бекітілсін.

2. Мектеп директорлары Орал қаласының білім беру бөлімінің жалпы орта білім беретін мектептерінің 1-4 сынып оқушылары мен аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылары үшін ыстық тамақ ақысын арттыру бойынша туындайтын қажетті шараларды жүзеге асырсын.

3. 2021 жылға мектептерде тамақтандыру басталған уақыттан бастап қайта есептеулер жүргізілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды бөлім басшысының орынбасары А.Даумоваға жүктелсін.

Бөлім басшысы

А. Темірханова

А.Темірханова